	<i>жиі:</i> бұлшықет түйілуі
	<i>белгісіз:</i> уытты эпидермальді некролиз ^g
Жалпы бұзылулар және енгізу орнындағы реакциялар	<i>өте жиі:</i> шаршау
Зерттеулер	<i>өте жиі:</i> салмақ жоғалту
Жарақаттар, уланулар және емшара асқынулары	<i>өте жиі:</i> құлау

^a Жағымсыз реакциялардың ұсынылған жиілігі клиникалық зерттеулердің плацебо-бақыланатын кезеңіне негізделген

^b Гипотиреоз, қандағы тиреотропты гормон деңгейінің жоғарылауы, тироксиннің төмендеуі, аутоиммунды тиреоидит, бос тироксин деңгейінің төмендеуі, трийодтиронин деңгейінің төмендеуі.

^c Өтпелі ишемиялық шабуылды, ми қан айналымының жедел бұзылуын, ми қан айналымының бұзылуын, ишемиялық инсультті, күретамырдың атеросклерозын, күретамырдың стенозын, гемипарезді, лакунарлы инфаркті, лакунарлы инсультті, мидың тромбоздық инфарктісін, тамырлы энцефалопатияны, мишық инфарктін, церебральді инфаркт пен церебральді ишемияны қамтиды.

^d Тілді тістеп алуды қамтиды.

^e Стенокардияны, тұрақсыз стенокардияны, миокард инфарктісін, жедел миокард инфарктісін, коронарлық артерия окклюзиясын, коронарлық артерия стенозын, жедел коронарлық синдромын, коронарлық артерия атеросклерозын, жүрек стресстестінің бұзылуын, тропониннің жоғарылауын, миокард ишемиясын қамтиды.

^f "Тері бөртпесі" бөлімін "Жекелеген жағымсыз реакциялардың сипаттамасы" бөлімінен қараңыз.

^h Қабыртқа сынуы, бел омыртқаларының сынуы, омыртқаның компрессиялық сынуы, омыртқа бағанасының сынуы, аяқ басының сынуы, ортанжіліктің сынуы, иық сүйегінің сынуы, кеуде омыртқаларының сынуы, қолдың сынуы, сегізкөздің сынуы, алақан сүйектерінің сынуы, қасаға сүйегінің сынуы, ұршық ойығының

сынуы, тобық буынының сынуы, компрессиялық сынулар, қабыртқа шеміршектерінің сынуы, бет қаңқасы сүйектерінің сынуы, аяқ сүйектерінің сынуы, остеопороздық сыну, білезік сүйектерінің сынуы, жұлынып сыну, кіші жіліншіктің сынуы, құйымшақтың сынуы, жамбас сүйектерінің сынуы, кәріжіліктің сынуы, төстің сынуы, стресстік сыну, жарақаттық сыну, омыртқаның мойын бөлігінің сынуы, жамбас мойынының сынуы, үлкен жіліншіктің сынуы. Төменде қараңыз.

Жекелеген жағымсыз реакциялардың сипаттамасы

Тері бөртпесі

Апалутамидті қолдануға байланысты тері бөртпелері көбінесе макулярлы немесе макуло-папулезді деп сипатталады. Тері бөртпелеріне макулярлы папулезді бөртпелер, жайылған бөртпелер, есекжем, қыштын бөртпелер, макулярлы бөртпелер, конъюнктивит, мультиформалы эритемалар, папулезді бөртпелер, терінің қатпарлануы, гениталий бөртпелері, эритематозды бөртпелер, стоматит, күлдіреуіктер, папулалар, пемфигоид, тері эрозиясы, дерматит және везикулярлы бөртпелер кіреді. Тері бөртпесі түріндегі жағымсыз реакция апалутамидті қабылдаған пациенттердің 26%-ында тіркелген. 3-дәрежелі тері бөртпелері (дене беткейі > 30% ауданын [ДБА] зақымдануымен) апалутамидпен ем алған пациенттердің 6%-ында байқалған.

Тері бөртпесі пайда болғанға дейінгі уақыт медианасы 83 күнді құрады. Пациенттердің 78%-ында бөртпе жазылды, бөртпе жазылғанға дейін уақыт медианасы 78 күнді құрады. Жергілікті кортикостероидтер, пероральді антигистаминді препараттар сияқты дәрілік препараттар пайдаланылды және пациенттердің 19%-ы жүйелі кортикостероидтер қабылдады. Тері бөртпесі бар пациенттердің арасында терапия 28% жағдайда тоқтатылды және препарат дозасы 14% жағдайда төмендеді (4.2-бөлімді қараңыз). Емдеу тоқтатылған пациенттердің 59%-ында тері бөртпесі қайта пайда болды. Тері бөртпесі тері бөртпесі көріністелген пациенттердің 7% - ында апалутамидтің тоқтатылуына себеп болды.

Құлау және сыну

ARN-509-003 зерттеуінде сынықтар апалутамид алған пациенттердің 11.7%-ында және плацебо алған пациенттердің 6.5%-ында байқалды. Екі топтағы пациенттердің жартысында сыныққа дейін 7 күн ішінде құлау жағдайлары байқалды. Апалутамид қабылдаған пациенттердің 15.6% - ында плацебо қабылдаған пациенттердің 9.0% - бен салыстырғанда құлдырау сипатталған (4.4-бөлімді қараңыз).

Жүректің ишемиялық аурулары және ми қан айналымының ишемиялық бұзылыстары

ҚБмЕКРО бар пациенттерде рандомизацияланған зерттеуде (SPARTAN) жүректің ишемиялық аурулары апалутамидпен ем қабылдаған пациенттердің 4% - ында және плацебо ем қабылдаған пациенттердің 3% - ында байқалды. ҚБМГСО бар пациенттерде рандомизацияланған зерттеуде (TITAN) жүректің ишемиялық аурулары апалутамидпен ем қабылдаған пациенттердің 4% - ында және плацебо ем қабылдаған пациенттердің 2% - ында байқалды. SPARTAN және TITAN зерттеулерін жүргізу барысында апалутамид қабылдаған 6 пациент (0.5%) және плацебо қабылдаған 2 пациент (0.2%) жүректің ишемиялық ауруынан қайтыс болды (4.4 бөлімді қараңыз). SPARTAN зерттеуінде ми қан айналымының ишемиялық бұзылыстары апалутамид қабылдаған пациенттердің 4% - ында және плацебо қабылдаған пациенттердің 1% - ында апалутамид үшін 32.9 ай және плацебо үшін 11.5 ай орташа экспозициямен байқалды (жоғарыдан қараңыз). TITAN зерттеуінде ми қан айналымының ишемиялық бұзылулары бар пациенттердің арақатынасы апалутамид тобында (1.5%) және плацебо тобында (1.5%) ұқсас болды. SPARTAN және TITAN зерттеулерінде ми қан айналымының ишемиялық бұзылуы апалутамид қабылдаған екі пациенттің өліміне себеп болды (0.2%); плацебо қабылдаған пациенттер арасында өлім-жітім тіркелген жоқ (4.4 бөлімді қараңыз).

Гипотиреоз

Гипотиреоз туралы апалутамидпен ем алған пациенттердің 8%-ында және плацебо алған пациенттердің 2%-ында әрбір 4 ай сайын тиреотропты гормон (ТТГ) деңгейін бағалау негізінде хабарланған. 3 немесе 4-дәрежелі жағымсыз құбылыстар байқалған жоқ. Гипотиреоз ертеректе апалутамид тобында тиреотропты гормондармен гормональді орын басу емін қабылдаған пациенттердің 30%-ында және плацебо тобында 3%-ында байқалды. Тиреотропты гормональді орын басу емін алмаған пациенттердің арасында гипотиреоз апалутамид қабылдаған пациенттердің 7%-ында және плацебо қабылдаған пациенттердің 2%-ында байқалды. Клиникалық көрсеткіштер болған жағдайда тиреотропты гормондармен алмастыру терапиясы басталуы немесе олардың дозасы өзгертілуі тиіс (4.5-бөлімді қараңыз).

Күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Дәрілік препараттың «пайда – қауіп» арақатынасын үздіксіз мониторингтеуді қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препаратты тіркеуден кейін күдік тудыратын жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медициналық қызметкерлерге жағымсыз реакциялар туралы хабарламалар жинаудың ұлттық жүйесі арқылы дәрілік препараттың кез келген күдікті жағымсыз реакциялары туралы мәлімдеу кеңесі беріледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

4.9 Артық дозалануы

Апалутамидпен артық дозаланғанда белгілі ерекше антидоты жоқ. Артық дозаланғанда, Эрлеада препараттың қабылдауды тоқтату және уыттылықтың клиникалық көріністері төмендегенге немесе жойылғанға дейін жалпы қолдау шараларын бастау керек. Артық дозаланғанда жағымсыз әсерлер әлі байқалмады, бұл реакциялар 4.8-бөлімде аталған жанама реакцияларға ұқсас болады деп күтілуде.

5 ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1 Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: Эндокриндік ем. Гормондар антагонистері және олардың аналогтары. Антиандрогендер. Апалутамид.
АТХ коды L02BB05

Әсер ету механизмі

Апалутамид – бұл андрогендік рецептордың (АР) ауызша селективті тежегіші, ол лиганд-байланыстырушы АР доменімен тікелей байланысады. Апалутамид АР-ның ядролық транслокациясын болдырмайды, ДНҚ байланысын тежейді, АР-жанама транскрипциясын тежейді және андрогендердің рецепторларының агонисі ретінде белсенділігі жоқ. Апалутамидпен емдеу ісік жасушаларының пролиферациясын төмендетеді және апоптозды арттырады, бұл ісікке қарсы елеулі белсенділікке әкелді. Негізгі метаболиті, N-дезметилапалутамид, *in vitro* апалутамидтің үштен бір белсенділігіне ие.

Фармакодинамикалық әсерлері

Жүрек электрофизиологиясы

QTc аралығына 240 мг апалутамидтің бір реттік дозасының әсері ҚБҚРО бар бір топта 45 пациенттің қатысуымен QT аралығын бір ашық бақыланбайтын көп орталықты зерттеуде бағаланды. Базалық желіге қатысты QTcF өте жоғары орташа өзгеруі тепе-тең жағдайда 12.4 мс құрады (2-жақты СА 90%: 16.0 мс жоғарғы шегі). QT - экспозицияны талдауы апалутамид және оның белсенді метаболиті үшін концентрацияға тәуелді QTcF аралығының ұзаруын көрсетеді.

Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

Апалутамидтің тиімділігі мен қауіпсіздігі 3 фазаның екі рандомизацияланған плацебо-бақыланатын зерттеулерінде, ARN-509-003 (ҚБмеКРО) және 56021927PCR3002 (ҚБМГСО) зерттелді.

ТІТАН: метастаздық гормонсезімтал простата обыры (ҚБМГСО)

ТІТАН – рандомизацияланған салыстырмалы жасырын плацебо-бақыланатын халықаралық көп орталықты клиникалық зерттеу, онда тәулігіне бір рет пероральді 240 мг дозада апалутамидті (N = 525) немесе тәулігіне бір рет алған плацебо (N = 527) ҚБМГСО (1:1) бар 1052 пациент рандомизацияланған.

Технеция ^{99m} көмегімен сүйектерді сканерлеу кезінде барлық пациенттерде кем дегенде бір сүйекте метастаз болуы керек. Егер метастаздың орны лимфа түйіндерімен немесе ішкі ағзалармен (мысалы, бауыр немесе өкпе) шектелсе, пациенттер шығарылды. ТІТАН зерттеуіндегі барлық пациенттер ГнРГ-мен бірге емделді немесе бұрын екі жақты орхидэктомия жасалды. Пациенттердің шамамен 11% - ы бұрын доцетакселмен ем қабылдаған (ең көбі 6 цикл, соңғы дозасы ≤2 ай рандомизацияға дейін және рандомизацияға дейін сақталған жауап). Шығару критерийлері миға белгілі метастаздарды қамтыды; келесі буынның басқа антиандрогендерімен (мысалы, энзалутамидпен), СУР17 тежегіштерімен (мысалы, абиратерон ацетаты), иммунотерапиямен (мысалы, сипулеуцел-Т), радиофармацевтикалық агенттермен немесе простата обырын емдеудің басқа әдістерімен алдын ала емдеу; немесе анамнездегі құрысулар немесе құрысулардың дамуына бейім жағдайлар. Пациенттер диагноз қойылған сәтте Глисон шкаласы бойынша, доцетакселді алдын ала пайдалану бойынша және географиялық аймақ бойынша стратификацияланды. Зерттеуге ҚБМГСО көлемі үлкен және аз пациенттер енгізілуі мүмкін.

Үлкен көлемді ауру висцеральды метастаздар және кем дегенде 1 сүйек зақымдануы немесе кем дегенде 4 сүйек зақымдануы, кем дегенде 1 омыртқа немесе жамбас сүйектерінен тыс сүйек зақымдануы ретінде анықталды. Шағын көлемді ауру үлкен көлемді аурудың анықтамасына сәйкес келмейтін сүйек зақымдануының болуы ретінде анықталды.

Төменде көрсетілген пациенттердің демографиялық деректері және аурудың бастапқы сипаттамалары емдеудің екі тобын салыстырғанда теңдестірілген. Жас медианасы 68 жас (43-94 диапазоны) және пациенттердің 23%-ы 75 жаста немесе одан жоғары болды. Пациенттерді нәсілдерге бөлген кезде 68%-ы европеидті нәсілдер, 22%-ы азиялық және 2%-ы қара нәсілдер болды. Пациенттердің 63%-ында ісік массасының үлкен көлемі, 37%-ында ісік массасының төмен көлемі байқалды. Пациенттердің 16%-ында бұрын хирургиялық араласу, простата аймағына сәулелік терапия немесе осы екі араласу да жүргізілген. Пациенттердің көпшілігінде Глисон шкаласы бойынша көрсеткіш 7 немесе одан жоғары (92%) құрады, пациенттердің 68% метастаздар дамығанға дейін бірінші буын анандрогенді препараттарымен емделген. Кастрацияға төзімділік критерийлері бастапқы деңгейде анықталмаса да, пациенттердің 94%-ы андроген-депривациялық емнің (АДТ) басынан апалутамидтің немесе плацебоньң бірінші дозасына дейін простатикалық спецификалық антиген (ПСА) деңгейінің төмендегенін көрсетті. Плацебо тобындағы барлық пациенттер, біреуінен басқасы, зерттеу басталған сәтте 0 немесе 1 Онкологтардың шығыс біріктірілген тобының (ECOG PS) шкаласы бойынша функционалдық статус көрсеткішімен сипатталды. Зерттелетін емді тоқтатқан пациенттердің арасында (плацебо үшін N = 271 және Эрлеада препараты үшін N = 170) екі топта да зерттеуге қатысуды тоқтатудың ең жиі себебі аурудың өршуі болды. Плацебо қабылдаған пациенттердің арасында келесі ісікке қарсы терапия Эрлеада препаратын қабылдаған пациенттер тобымен (54%) салыстырғанда пациенттердің көп санына (73%) қажет болды.

Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері: жалпы өміршеңдік (лар) және рентгенологиялық үдеусіз өміршеңдік (pYӨ). ТІТАН зерттеу тиімділігі бойынша нәтижелер 2-кестеде және 1 және 2-суретте көрсетілген.

2-кесте: Тиімділік нәтижелеріне шолу – ITT- ҚБМГСО бар пациенттердің популяциясы (TITAN)

Соңғы нүкте	Эрлеада N=525	Плацебо N=527
Жалпы өміршеңдік		
Өлім жағдайлары (%)	83 (16%)	117 (22%)
Медиана, айлар (95% СА)	NE (NE, NE)	
Қауіптің арақатынасы (95% СА) ^a	0.671 (0.507, 0.890)	NE (NE, NE)
p ^b мәні	0.0053	
Рентгенологиялық үдеусіз өміршеңдік		
Аурудың өршуі немесе өлім (%)	134 (26%)	231 (44%)
Медиана, айлар (95% СА)	NE (NE, NE)	22.08 (18.46, 32.92)
Қауіптің арақатынасы (95% СА) ^a	0.484 (0.391, 0.600)	
p ^b мәні	<0.0001	


^a қауіптің арақатынасы пропорциональ қауіптердің стратификацияланған моделінің негізінде берілген. Қауіптің арақатынасы <1 белсенді емдеу пайдасын куәландырады.

^b p мәні Глисон шкаласы бойынша диагноз қою сәтінде (≤ 7 және >7), аймақ бойынша (Солтүстік Америка/Еуропа және басқа елдер) стратификациясымен лонгрантік тест негізінде және доцетакселді алдыңғы қолдану бойынша (алған және алмаған) ұсынылған.


NE= бағалау мүмкін емес

ЖӨ және pYӨ статистикалық маңызды жақсаруы плацебо алу үшін рандомизацияланған пациенттермен салыстырғанда Эрлеада препаратын алу үшін рандомизацияланған пациенттерде көрсетілді. Пациенттердің әртүрлі кіші топтарындағы көрсеткіштердің тұрақты жақсаруы байқалды: ошақтардың үлкен және кіші көлемі бар аурулар кезінде, доцетаксел бұрын қолданылған және қолданылмаған кіші топтарда, жасы бойынша әртүрлі кіші топтарда (< 65 , ≥ 65 немесе ≥ 75 жас), ПСА бастапқы деңгейі медианадан жоғары және төмен кіші топтарда және сүйек ошақтарының әртүрлі саны бар кіші топтарда (≤ 10 немесе > 10).

1-сурет: Жалпы өміршеңдік (ЖӨ) бойынша Каплан-Майердің қисықтары; ITT- популяциясы ҚБМГСО (TITAN)



2-сурет: Рентгенологиялық үдеусіз өміршеңдік (pYӨ) бойынша Каплан-Майер қисықтары; ITT-ҚБМГСО популяциясы (TITAN)



Эрлеада препаратымен емдеу цитотоксикалық химиотерапияның (КҚ = 0.391, СА = 0.274, 0.558; $p < 0.0001$) басталуын статистикалық маңызды түрде кейінге қалдырды, бұл емдеу тобындағы пациенттер үшін плацебо тобымен салыстырғанда қауіптің 61% - ға төмендеуіне әкелді.

FACT-P шкаласы бойынша өлшенген функционалдық көрсеткіштердің нәтижелері Эрлеада мен плацебо топтары арасындағы айырмашылықты көрсеткен жоқ. SPARTAN: қуық асты безінің метастаздық емес кастрациялық-резистентті обыры (ҚБмеКРО)


Жалпы алғанда, ҚБмеКРО 1207 пациент андроген-депривациялық терапиямен (АДТ) (дәрілік кастрация немесе хирургиялық кастрация) қатар немесе апалутамид күніне бір

рет 240 мг дозада пероральді қабылдау үшін 2:1 қатынасында немесе плацебо көп орталықты, салыстырмалы жасырын клиникалық зерттеулерде (APH-509-003 зерттеу) рандомизацияланған. Простата-спецификалық антигеннің (ПСА) (PSADT) екі еселену уақыты енгізілген қатысушыларда ≤ 10 айды құрады, бұл қуықасты безі обырынан метастазданудың және өлімнің дереу даму қаупінің жоғары факторы болып саналады. Хирургиялық кастрация жасалмаған барлық пациенттер зерттеу кезінде үздіксіз АДТ алды. ПСА нәтижелері жасырылған және емдеуді тоқтату үшін пайдаланылмаған. Әрбір топқа рандомизацияланған қатысушылар уыттылыққа немесе тоқтатуға жол берілмейтін емнің жаңа түрі басталғанға дейін, жасырын режимде (BICR) визуальді әдістердің деректерін орталықтандырылған бағалау нәтижелерімен анықталған ауру үдегенге дейін емдеуді жалғастырды.

Пациенттердің келесі демографиялық деректері және аурудың бастапқы сипаттамалары емдеу топтары арасында бөлінді. Орташа жас 74 жасты құрады (48-97 диапазоны) және қатысушылардың 26%-ы 80 және одан жоғары жаста болды. Зерттеу деректері бойынша, пациенттердің 66%-ы еуропеидті нәсілге, 5.6%-ы қара нәсілге, 12%-ы азиялық нәсілге және 0.2%-ы басқа нәсілдердің өкілдері болды. Екі топтағы пациенттердің 77%-ы бұрын қуық асты безіне хирургиялық араласу немесе сәулелік терапия алған. Пациенттердің көпшілігінде (81%) Глисон шкаласы бойынша көрсеткіш 7 немесе одан жоғары болды. Пациенттердің 15%-ында зерттеуге енгізілген кезде жамбас лимфа түйіндерінің мөлшері < 2 см болды. Пациенттердің 73%-ы алдыңғы терапияны бірінші буын антиандрогенді препараттармен алды; пациенттердің 69%-ы бикалутамид және пациенттердің 10%-ы флутамид алды. Барлық енгізілген пациенттерде жасырын режимде визуальдық әдістердің нәтижелерін орталықтандырылған бағалау деректері бойынша метастаздық емес кезең расталды және Онкологтардың шығыс біріктірілген тобының (ECOG PS) шкаласының көрсеткіші бойынша функционалдық статусы зерттеуге енгізу сәтінде 0 немесе 1 құрады.

Бастапқы соңғы нүкте ретінде рандомизация сәтінен бастап BICR кезінде расталған сүйектегі немесе жұмсақ тіндердегі алшақ метастаздардың алғашқы пайда болуына немесе кез келген себеппен (бұрын болған жағдайға байланысты) өлімге дейінгі уақыт ретінде анықталған метастазданусыз өміршеңдік пайдаланылды. Эрлеада препаратымен емдеу кезінде метастазданусыз өміршеңдік көрсеткіші айтарлықтай жақсарды. Эрлеада препараты алшақ метастаздардың салыстырмалы даму қаупін плацебомен салыстырғанда 70%-ға төмендетті (ҚҚ = 0.30; 95% СА: 0.24; 0.36; $p < 0.0001$). Эрлеада препаратын қолданған кезде метастазсыз өміршеңдік медианасы 41 айды, ал плацебо қолданған кезде 16 айды құрады (3-суретті қараңыз). Эрлеада препаратын қолданған кезде метастазсыз өміршеңдіктің тұрақты жақсаруы барлық алдын ала анықталған кіші топтарда, соның ішінде жасы, нәсілдік тиістілігі, аймағы, лимфатүйіндердің жағдайы, гормондық терапия курстарының алдыңғы санының, ПСА бастапқы көрсеткіші, ПСА екі еселену уақыты, ECOG бойынша бастапқы статус және сүйек тініне қатысты жанама әсер етпейтін препараттарды бастапқы пайдалану бойынша бөлінген кіші топтарда анықталды.

3-сурет: ARN-509-003 зерттеуіндегі Каплан-Мейердің метастазсыз (MFS) өміршеңдік қисықтары



Қауіп тобындағы пациенттер

Рандомизациядан өткен айлар


Плацебо	401	299	229	160	104	62	36	15	7	1	0	0
Апалутамид	806	727	671	531	412	293	189	105	39	18	3	0

----- Плацебо ————— Апалутамид

Барлық деректерді назарға ала отырып, Эрлеада препаратын және АДТ алған пациенттерде метастаздануға дейінгі уақыт бойынша соңғы нүктелерге (ҚҚ = 0.28; 95% СА: 0.23, 0.34; $p < 0.0001$), үдеусіз өміршеңдікке (ҮӨ) (ҚҚ = 0.30; 95% СА: 0.25, 0.36; $p < 0.0001$) қатысты АДТ монотерапиясын алған пациенттермен салыстырғанда елеулі жақсару байқалды; симптомдардың басталуымен үдеуге дейінгі уақыт (ҚҚ = 0.57; 95% СА: 0.44, 0.73; $p < 0.0001$); жалпы өміршеңдік (ЖӨ) (ҚҚ = 0.78; 95% СА: 0.64, 0.96; $p = 0.0161$) және цитоуытты химиотерапияның басталуына дейінгі уақыт (ҚҚ = 0.63; 95% СА: 0.49, 0.81; $p = 0.0002$).

Симптомдардың пайда болуымен үдеуге дейінгі уақыт рандомизация сәтінен бастап қаңқа тарапынан симптоматиканың даму сәтіне дейінгі уақыт, жаңа жүйелі ісікке қарсы емді немесе сәулелік емді/хирургиялық араласымды қажет ететін ісіктің жергілікті-аумақтық үдеуін бастауды талап ететін ауырсыну / симптомдар ретінде анықталды. Істердің жалпы саны аз болғанымен, емдеу топтарының арасындағы айырмашылық статистикалық маңызды мәнге жету үшін жеткілікті болды. Эрлеада препаратымен емдеу плацебомен салыстырғанда симптомдар пайда болуымен өршу қаупін 43% - ға төмендетті (ҚҚ = 0,567; 95% СА: 0,443, 0,725; $p < 0,0001$). Симптомдардың басталуымен үдеуге дейінгі уақыттың медианасы ешқандай емдеу тобында қол жеткізілген жоқ. Нәтижелері, кейінгі бақылаудың орташа уақыты 52.0 ай болғанда, Эрлеада препаратымен емдеу плацебомен салыстырғанда өлім-жітім қаупін 22% - ға едәуір төмендеткенін көрсетті (ҚҚ = 0.784; 95% СА: 0.643, 0.956; екі жақты $p = 0.0161$). ЖӨ медианасы Эрлеада препаратының тобы үшін 73.9 ай және плацебо тобы үшін 59.9 ай болды. Алдын ала анықталған альфа-шегінен ($p \leq 0.046$) өтілді, статистикалық маңыздылыққа қол жеткізілді. Бұл жақсару плацебо тобындағы пациенттердің 19% - ы кейінгі емдеу ретінде Эрлеада препаратын қабылдағанына қарамастан көрсетілді.

4-сурет: ARN-509-003 зерттеуінің қорытынды талдауындағы жалпы өміршеңдік (ЖӨ) бойынша Каплан-Майер қисығы.



Қауіп тобындағы пациенттер

Апалутамид	806	791	774	758	739	717	691	658	625	593	558	499	376	269	181	100	47	19	4	0
Плацебо	401	392	385	373	358	339	328	306	286	263	240	204	156	114	82	38	21	6	2	0

———— Апалутамид - - - - - Плацебо

Эрлеада препаратымен емдеу плацебоға қарағанда (ҚҚ = 0.629; СА 95%: 0.489, 0.808; $p = 0.0002$) цитоуытты химиотерапияның басталу қаупін едәуір төмендетіп, Эрлеада препараты үшін плацебоға қарағанда статистикалық маңызды жақсаруды көрсетті. Цитоуытты химиотерапияның басталуына дейінгі орташа уақытқа емдеу топтарының ешқайсысында қол жеткізілген жоқ. Алғашқы кейінгі ем кезінде немесе одан кейін ПСА бойынша өлімге дейінгі немесе аурудың өршу уақыты, рентгенологиялық зерттеулер немесе симптоматикалық үдеу ретінде айқындалатын PFS-2 плацебо қабылдаған пациенттермен салыстырғанда Эрлеада препаратын қабылдаған пациенттерде анағұрлым ұзақ болды. Нәтижелер Эрлеада препаратын қабылдаған кезде YӨ-2 қаупінің плацебомен салыстырғанда 44% - ға төмендегенін көрсетті (ҚҚ = 0.565, 95% СА: 0.471, 0.677; $p < 0.0001$). Эрлеада препаратын АДТ еміне қосу арқылы денсаулыққа байланысты жалпы өмір сапасына жағымсыз әсер байқалмады және жалпы баллды талдау кезінде Эрлеада препаратының пайдасына бастапқы деңгейден өзгеруде шамалы, бірақ клиникалық емес маңызды айырмашылық байқалды және Простата обырының емін функционалдық бағалау қосалқы шкаласына (ПОЕФБ) қосылды.

Балалар

Дәрілік заттар жөніндегі Еуропалық агенттік қуықасты безінің үдемелі обыры бар балалардың барлық кіші топтарында Эрлеада препаратымен жүргізілген зерттеулер нәтижелерін ұсыну міндеттемесінен босатты. Педиатрияда қолдану туралы ақпарат алу үшін 4.2-бөлімді қараңыз.

5.2 Фармакокинетикалық қасиеттері

Эрлеада препаратын күніне бір рет қайта қабылдағаннан кейін апалутамид экспозициясы (C_{max} және концентрация қисығының астындағы аудан [AUC]) 30-дан 480 мг дейінгі дозалар диапазонындағы дозаға байланысты өсті. Эрлеада препаратын тәулігіне 1 рет 240 мг дозада қабылдағаннан кейін апалутамидтің тепе-теңдік деңгейлеріне 4 аптадан кейін жетеді, жинақталудың орташа жылдамдығы бір рет қабылдағанға қарағанда шамамен 5 есе жоғары. Тепе тең жағдайда апалутамид үшін орташа (CV%) C_{max} және AUC мәндері 6 мкг/мл (28%) және 100 сағ/мл (32%) құрады. Плазмадағы апалутамид концентрациясының тәуліктік ауытқулары ең жоғары және ең төменгі концентрациялар арасындағы орташа қатынасы 1.63 тең төмен болды. Қайта енгізгеннен кейін, апалутамидтің өзіндік метаболизмінің индукциясына байланысты көрінетін клиренстің (CL/F) ұлғаюы байқалды.

Тепе-тең жағдайда N-дезметилапалутамидтің негізгі белсенді метаболиті үшін C_{max} және AUC орташа (CV%) мәндері тиісінше 5.9 мкг/мл (18%) және 124 сағ/мл (19%) құрады. N-дезметилапалутамид концентрация-уақыт қисығында плато болуымен сипатталады-1.27-ге тең ең жоғары және ең төменгі концентрация арасындағы орташа қатынасы бар тепе-тең жағдайдағы уақыт. N-дезметилапалутамидтің метаболит/бастапқы қосылысының AUC орташа мәні (CV%) бірнеше рет енгізгеннен кейін шамамен 1.3 (21%) болды. Жүйелік әсерге, салыстырмалы белсенділікке және фармакокинетикалық қасиеттерге сүйене отырып, N-дезметилапалутамид апалутамидтің клиникалық белсенділігіне ықпал етуі мүмкін.

Сіңуі

Пероральді қабылдағаннан кейін плазмадағы апалутамидтің ең жоғары концентрациясына қол жеткізудің орташа уақыты (t_{max}) 2 сағатты құрайды (диапазоны: 1-ден 5 сағатқа дейін). Орташа абсолюттік пероральді биожетімділігі шамамен 100%-ды құрайды, бұл апалутамид пероральді қабылдағаннан кейін толығымен сіңірілетінін көрсетеді.

Сау субъектілерге ашқарынға және құрамында майлар жоғары тамақтанғаннан кейін апалутамидті қолдану C_{max} және AUC клиникалық маңызды өзгерістерге алып келмеді. t_{max} медиана тамақпен қабылдағанда шамамен 2 сағатқа артады (4.2-бөлімді қараңыз).

Апалутамид рН тиісті физиологиялық жағдайларында ионданбайды, осылайша асқазандағы қышқылдықты төмендететін дәрілер (мысалы, протонды помпа тежегіштері, H_2 рецепторының антагонистері, антацидтер) апалутамидтің ерігіштігі мен биожетімділігіне әсер етеді деп күтілмейді.

Апалутамид және оның N-дезметил метаболиті P-гр *in vitro* субстраттары болып табылады. Апалутамид пероральді енгізгеннен кейін толығымен сіңірілетіндіктен, P-гр апалутамидтің сіңуін шектемейді, сондықтан P-гр тежелуі немесе индукциясы апалутамидтің биожетімділігіне әсер етпейді деп күтілуде.

Таралуы

Апалутамидтің тепе-тең күйде таралуының орташа көрінетін көлемі шамамен 276 л жуық құрайды. Апалутамидтің таралу көлемі организмдегі су көлемінен артық, бұл кең экстравакулярлы таралуын көрсетеді.

Апалутамид және N-дезметилапалутамид плазма ақуыздарымен тиісінше 96% және 95% байланысады, негізінен концентрациясына қарамастан сарысулық альбуминмен байланысады.

Биотрансформациясы

240 мг ^{14}C -таңбаланған апалутамидті бір рет пероральді енгізгеннен кейін плазмадағы ^{14}C -радиоактивтіліктің үлкен бөлігі апалутамидпен, N-дезметилапалутамидпен және карбоксил қышқылының белсенді емес туындыларымен байланысты, бұл жалпы ^{14}C -AUC тиісінше 45%, 44% және 3%-ын құрайды.

Метаболизм апалутамидті шығарудың негізгі жолы болып табылады. Ол негізінен N-дезметилапалутамидке дейін CYP2C8 және CYP3A4 метаболизденеді. Апалутамид және N-дезметилапалутамид карбоксил қышқылының белсенді емес туындысына дейін карбоксилестераза арқылы метаболизденеді. Апалутамид метаболизміне CYP2C8 және CYP3A4 қатысуы бір рет қабылдағаннан кейін 58% және 13% бағаланады, бірақ ол қайта енгізгеннен кейін апалутамид CYP3A4 индукциясына байланысты тепе-тең күйде өзгеруі мүмкін деп күтілуде.

Элиминациясы

Апалутамид негізінен несеппен метаболиттер түрінде шығарылады. Радиоактивті белгімен таңбаланған апалутамидті бір рет қолданғаннан кейін 89% радиоактивтілік енгізгеннен кейін 70 күн ішінде анықталды: 65% несепте қалпына келтірілді (өзгеріссіз апалутамид түрінде дозаның 1.2% және N-дезметилапалутамид түрінде 2.7%) және 24% фекалийлерде анықталды (өзгермеген апалутамид түрінде дозаның 1.5% және N-дезметилапалутамид түрінде 2%).

Апалутамидтің болжанатын жалпы клиренсі (CL/F) бір рет қолданғаннан кейін 1.3 л / сағ құрайды және күніне бір рет қабылдағаннан кейін тепе-тең күйде 2.0 л / сағ дейін артады. Апалутамидтің тепе-тең жағдайдағы орташа тиімді жартылай шығарылу кезеңі шамамен 3 күнді құрайды.

In vitro деректері апалутамид пен оның N-дезметил метаболиті BCRP, OATP1B1 немесе OATP1B3 субстраттары емес екенін көрсетеді.

Пациенттердің ерекше топтары

Бүйрек функциясының жеткіліксіздігі, бауыр функциясының жеткіліксіздігі, жасы, нәсілі және басқа да сыртқы факторлардың апалутамид фармакокинетикасына әсері төменде берілген.

Бүйрек функциясының жеткіліксіздігі

Бүйрек функциясының жеткіліксіздігі кезінде апалутамидпен арнайы зерттеулер жүргізілген жоқ. Қуықасты безінің кастрациялық-резистентті обыры (ҚБКРО) бар субъектілерге және дені сау субъектілерге жүргізілген клиникалық зерттеулер деректерін пайдалана отырып, популяциялық фармакокинетикалық талдау негізінде бұрын анықталған бүйрек функциясының жеңіл немесе орташа жеткіліксіздігі бар пациенттерде (шумақтық сүзілудің есептік жылдамдығы (ШСеЖ) 30-дан 89 мл/мин/1.73 м² дейін құрайды; N=585) апалутамидтің жүйелік экспозициясының бастапқы қалыпты бүйрек функциясы бар пациенттермен салыстырғанда (ШСеЖ \geq 90 мл/мин / 1.73 м², N = 372) айтарлықтай айырмашылықтары байқалмады. Бүйрек функциясының ауыр жеткіліксіздігінің немесе терминалдық бүйрек функциясы жеткіліксіздігінің ықтимал әсері (ШСеЖ \leq 29 мл/мин/1.73м²) деректердің жеткіліксіздігіне байланысты анықталмаған.

Бауыр функциясының жеткіліксіздігі

Бауыр функциясының жеткіліксіздігіне жүргізілген арнайы зерттеуде бауыр функциясының орташа бастапқы жеткіліксіздігі (N = 8, Чайлд-Пью шкаласы бойынша А класы, орташа балл = 5.3) немесе бауыр функциясының орташа жеткіліксіздігі (N = 8, Чайлд-Пью шкаласы бойынша В класы, орташа балл = 7.6) бар пациенттерде бақылау тобының бауыр функциясы қалыпты (N = 8) дені сау қатысушылармен салыстырғанда апалутамид пен N-дезметилапалутамидтің жүйелі әсері салыстырылды. 240 мг апалутамидті бір рет пероральді қолданғаннан кейін AUC және C_{max} апалутамид үшін орташа геометриялық арақатынас (GMR), жеңіл бұзылуы бар субъектілерде тиісінше 95% және 102% құрады, ал AUC және C_{max} апалутамид үшін GMR қалыпты бұзылуы бар субъектілерде бақылау тобының сау қатысушыларымен салыстырғанда тиісінше 113% және 104% құрады. Бауыр функциясының ауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде клиникалық және фармакокинетикалық деректер жоқ (Чайлд-Пью шкаласы бойынша С класы).

Этностық және нәсілдік тиесілігі

Популяциялық фармакокинетикалық талдау ақ нәсілді (еуропеоидтік, испандықтар немесе латын америкалықтар; N=761), қара нәсілді (шығу тегі африкалық немесе афроамерикалықтар; N=71), азиялық нәсілді (жапондық емес; N=58), сондай-ақ жапондықтарда (N=58) фармакокинетикасының клиникалық елеулі айырмашылықтарын көрсеткен жоқ.

Жасы

Популяциялық фармакокинетикалық талдау жас (18-ден 94 жасқа дейін) апалутамидтің фармакокинетикасына клиникалық маңызды әсер етпейтінін көрсетеді.

5.3 Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері

In vitro және *in vivo* апалутамидінің геноуыттылығына арналған стандартты тест жиынтығы теріс нәтиже берді.

Апалутамид трансгенді (Tg.rasH2) тышқандардың еркектерінде күніне 30 мг/кг дейінгі дозада 6 айлық зерттеуде канцерогендік емес, олар апалутамид пен N-

десметилапалутамид үшін 1.2 және 0.5 есе асады, сәйкесінше клиникалық экспозициядан (AUC) күніне 240 мг ұсынылған клиникалық дозадан асады.

Апалутамидпен емдеу апалутамидтің фармакологиялық әсеріне сәйкес келетін бірнеше дозалы токсикологиялық зерттеулер нәтижелері негізінде еркектерде фертильділікті нашарлатады. Көп реттік дозаларды пайдалана отырып жүргізілген токсикологиялық зерттеулерде егеуқұйрықтар мен иттердің аталықтарында шамамен AUC негізінде адамға әсер етуге тең әсерлерге сәйкес дозаларда репродуктивті жүйенің атрофиясы, аспермия/гипоспермия, дегенерация және/немесе гиперплазия немесе гипертрофиясы байқалды.

Егеуқұйрықтардың аталықтарына жүргізілген фертильділікті зерттеуде сперматозоидтардың концентрациясы мен қозғалғыштығының, жиынтықтау жиілігі мен фертильділігінің (өңделмеген аналықтармен жұптасудан кейін) төмендеуі, сондай-ақ AUC негізінде адамға әсер ететін концентрацияға тең концентрацияларға сәйкес дозаларда 4 аптадан кейін қосалқы репродуктивті бездердің және аталық без қосалқысының массасының төмендеуі байқалды. Аталық егеуқұйрықтардың әсері апалутамидті соңғы рет қолданғаннан кейін 8 аптадан соң қайтымды болды.

Егеуқұйрықтардағы эмбриофетальді дамуға уыттылықты алдын-ала зерттеуде апалутамид органогенездің барлық кезеңінде (6-20 гестация күндері) күніне 25, 50 немесе 100 мг/кг дозада ауызша қабылдаған кезде ұрықтың дамуына уыттылық туындатты. Бұл дозалар күніне 240 мг дозада адамдарға әсер етумен салыстырғанда, тиісінше AUC негізінде шамамен 2 -, 4 - және 6-еселік жүйелік әсерге алып келді. Нәтижелерге күніне 100 мг/кг дозада буаз емес ұрғашылар және күніне ≥ 50 мг/кг дозада эмбриофетальді өлім (резорбция), ұрықтың аногенитальді қашықтығының азаюы және күніне ≥ 25 мг / кг кезінде деформацияланған гипофиз (анағұрлым дөңгелек түрі) кірді. Қаңқаның өзгерістері (сүйектенбеген фалангалар, қосымша қысқа кеуде-бел қабырғалары және/немесе тіл асты сүйектің ауытқулары) ұрықтың орташа салмағына әсер етпей, күніне ≥ 25 мг/кг дозада да байқалды.

6 ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

6.1 Қосымша заттар тізбесі

Таблетканың ядросы

Гидроксипропилметилцеллюлоза ацетат сукцинаты (HPMC-AS) немесе гипромеллоза ацетат сукцинаты

Дихлорметан (метиленхлорид) (өндіріс процесінде буланады, соңғы өнімде болмайды)

Метанол (өндіріс процесінде буланады, соңғы өнімде болмайды)

Сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы

Натрий кроскармеллозасы

Микрокристалды целлюлоза

Микрокристалды силикондалған целлюлоза

Магний стеараты

Үлбірлі қабығы Опадрай® II 85F210036 жасыл

Ішінара гидролизденген поливинил спирті

Титанның қостотығы (E171)

Макрогол/полиэтиленгликоль

Тальк

Темірдің сары тотығы (E172)

Темірдің қара тотығы (E172)

6.2 Үйлесімсіздік

Қатысты емес

6.3 Жарамдылық мерзімі

2 жыл

6.4 Сақтау кезіндегі айрықша сақтандыру шаралары

30 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек. Түпнұсқалық қаптамасында сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

6.5 Шығарылу түрі және қаптамасы

12 таблеткадан поливинилхлорид/полихлортрифторэтилен үлбірінен және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға салынады.

2 пішінді ұяшықты қаптамалардан картон мұқабаға жапсырылады.

Бір картон мұқабадан (24 таблетка) картоннан жасалған пеналға салады.

Картоннан жасалған 5 пеналдан (5 x 24 таблетка) медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

6.6 Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданудан немесе онымен жұмыс істеуден кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі айрықша сақтандыру шаралары

Дәрілік препараттың кез келген пайдаланылмаған қалдығы мен қалдықтарды белгіленген тәртіппен жою керек.

6.7 Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

7 ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

«Джонсон & Джонсон» ЖШҚ

Ресей Федерациясы, 121614, Мәскеу қ-сы, Крылатская көш., 17/2

Тел.: (495) 755-83-57

Факс: (495) 755-83-58

e-mail: DrugSafetyRU@ITS.JNJ.com

7.1 ТІРКЕУ КУӘЛІГІН ҰСТАУШЫСЫНЫҢ ӨКІЛІ

Тұтынушылар шағымдарын мына мекенжайға жолдау керек:

Қазақстан Республикасындағы «Джонсон & Джонсон» ЖШҚ филиалы

050040 Алматы қ-сы, Тимирязев к-сі, 42, павильон № 23 «А»

Тел.: +7 (727) 356 88 11

Факс: +7 (727) 356 88 13

e-mail: DrugSafetyKZ@its.jnj.com

8 ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ

ҚР-ДЗ-5№024698

9 БАСТАПҚЫ ТІРКЕУ (ТІРКЕУ, ҚАЙТА ТІРКЕУ РАСТАЛҒАН) КҮНІ

Алғашқы тіркеу күні: 21 тамыз 2020 ж

Тіркеуді (қайта тіркеуді) соңғы растау күні:

10 МӘТІННІҢ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮНІ

Дәрілік препараттың жалпы сипаттамасын ресми сайттан қарауға болады

<http://www.ndda.kz>